

АБАЙТАНУДЫҢ СОҢҒЫ ТҮЙІНІ ҮЗІЛДІ

Сәтжан ҚАСЫМЖАНҰЛЫ

Семей

Күллі қазаққа белгілі қазыналы қарт, шешен тілді шежіреші Бекмұхамед (Бекен) Исабаевты Абай елі соңғы сапарға шығарып салды. Саналы ғұмырында Мұхтар Әуезовтің туған жері Бөріліде жазушының музей үйінің қазақ руханиятының темірқазығына айналуына аянбай еңбек сіңірген қаламгердің қажырлы ісі баршамызға мәлім. Шыңғыстауға жолы түскен белгілі тұлғалардың дені Бекен қарияның шаңырағына аялдамай кетпейтіні бір аңыз.



Қабырғасы қайыса жиылған жұрттың қайғысына ортақтасқан басшылар, зиялы қауым өкілдері сөз алды. Ауыл ақсақалы Амантай Мұқатаев ұстаздықтан басталған ардақты жанның үлгілі жолына тоқталды. Абай елі атынан аудан өкімі Жарқынбек Байсабыров ел, жер тарихын түгендеуге сүбелі үлес қосқанын айта келіп, қалдырған мұрасы ұрпаққа тәрбие болып қалатынын атап өтті.

Қарияның қазасын естісімен келген жазушы, алаштанушы Тұрсын Жұртбай тебірене шер толғады.

– Осы Абай еліне келгенде арнайы сәлем бере келіп, өңгімесін тамсана тыңдайтын аға буындағы асылымыз еді. Абай, Мұхтар өміріне қатысты тың өңгімелерді тереңінен қозғайтын. Ескі қора кейпіне түскен Әуезов үйін музейге айналдырудағы еңбегі ұшан-теңіз. Біз Бекен ағаны абайтанудың білгірі ретінде таныдық. Абайтануды жалғастыра білген түйініміздің бірі еді. Сол түйін бүгін үзілді. Елдің ендігі ақсақалдарына Бекен ағаның жолын жалғастыру салмағы түсіп тұр, – деді Т.Жұртбай.

Бекен Исабаев ел аузындағы өңгімелерді жадында сақтаған күймақұлақ, шешен адам болған. Бала күнінде естіген өңгімесін ұмытпайды екен. Бірде Көкбайдың туысы, өзі де ақын, шешен, ділмар адам болған Ыбырайша ақсақал ауыл кісілерімен киіз үйдің ішінде Көкбайға қатысты бір өңгіме айтып жатыр екен. Ол күнде Бекен ақсақал жас бала. Өзінің әдеттегі ақжарқын, сөйлеп кіріп келетін әдетімен үйге еніп кетіпті. Сол сәтте өңгіме сап тыйылған. Үй сыртында шала естіп, қызығып кірген Бекенге Ыбырайша ақсақал қанша жалынса да, өлгі сөзді айтпай қойыпты. «Сен естігеніңді ұмытпайсың» болыпты таққан «айыбы». Айып емес-ау, артықшылығы. Оны Ыбырайша қарт та біліп отыр ғой.

Абайдың көзін көрген кісілердің өңгімесін тыңдаған, Көрнебай, Майра сияқты қариялардың сөздерін көкейіне құйып өскен Бекен Исабайұлының өзі де «қарттардың қойнында өстім» дейтін. Абай заманында би болған, ақынның өзімен таныс, аралас болған бай-бағланның көбі жер аударылып, ұрпақтары туған жерінен жыраққа кеткен. Солар ата-бабасының басына зиярат ету үшін елге келгенде Исабай қарттың үйіне тоқтайды екен. Үйіне келген адамдардың өңгімесін есту арқылы Бекен ақсақал Абай өңгімесінен қанығады. «Абаймен сөз жарыстырдым», «Абаймен дойбы ойнадым» деген кісілердің барлығын Бекен қарт көрген. Абайдың өз балаларының да өңгімесін тыңдаған. Сол арқылы бізге көп дүние жетті. Қасым Аманжолұлы түсірген «Анық Абай» деректі фильміндегі дидагы бізге мәңгі серік болып қалады. «Жас Алаш» газеті де өткен жазда видеоға түсіріп, өңгімесінің бір парасын газетімізге жариялаған. Биыл торқалы тоқсан жасын тойламақ болған шежіреші қариямыздың қазасы, өрине, жанымызға ауыр.

Қоштасу жиынында ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Тыныштықбек Әбдікәкімов Бекмұхамед қарияның отбасына көңіл айтып, қайғысына ортақ ойын да егіле жеткізді. Шежіреші қаламгердің қазасына орай, Әуезовтер өулетінен, облыс өкімі Д.Ахметовтің, президент аппаратынан жолданған жеделхаттар оқылды.

Бекен қарияның сүйегі Бөрілідегі қорымға қойылды.